|                                                    |                                                                                                    |                                                                                                   | <p>(екі қолдың алақандарын ашу)<br/>«Тап-таза» деп қуанды.<br/>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br/>Бірін-бірі жуады.<br/>(денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>                                                               |                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p> | <p>«Балабақша» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br/>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> | <p>«Тәрбиеші» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br/>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> | <p><b>"Кемпірқосақ" ойыны.</b><br/><b>Мақсат-міндеттері.</b><br/><b>Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.</b><br/><b>Балалар ортаға шығып, түстердің атауларын атайды.</b><br/><b>Бір бала қарамай тұрып, қайсы қандай түс екенін қазақ тілінде айтып береді. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> | <p>"Туған тілім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру.<br/>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> | <p><b>"Тым-тырақай" ойыны.</b><br/><b>Мақсат-міндеттері.</b><br/><b>Балалардың шапшаңдық, зеректік, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.</b><br/><b>Балалар шеңбер құрайды.</b><br/><b>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында санамақ сөздерінен кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын</b></p> |

|                                                                             |                                                                                                                        |                                                                                                                                       |                                                                                                                           |                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|-----------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                             |                                                                                                                        |                                                                                                                                       |                                                                                                                           |                                                                                                                  | <p>болады.</p> <p>Ал, кәнеки,<br/>балалар,<br/>"Бір, екі, үш!" - деп,<br/>санандар!</p> <p>"Бір, екі, үш! Ал,<br/>тарандар!"</p> <p>Бұл сөздерден кейін<br/>балалар жан-жаққа<br/>бытырай қашады.</p> <p>Оларды ортада<br/>тұрған бала ұстап<br/>алу керек.</p> <p>Екі, үш бала<br/>ұсталған соң,<br/>тәрбиеші "Бір, екі,<br/>үш!" деп<br/>санағанша, балалар<br/>жылдам түрде<br/>шеңбер құрып тұра<br/>қалады.</p> <p>Ойын қайта<br/>басталады.</p> <p>(дене шынықтыру,<br/>қарым-қатынас іс-<br/>әрекеті)</p> |
| Мектепке дейінгі<br>ұйым<br>кестесі бойынша<br>ұйымдастырылған<br>іс-әрекет | Сауат ашу негіздері<br>"Дыбыс және әріп"<br>Міндеттер:<br>Балаларға сөздің<br>құрылымын,<br>әріптер мен<br>дыбыстардың | Сауат ашу негіздері<br>"Буынға бөлейік"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сөз бен<br>буын туралы<br>түсінік беру,<br>сөздерді буынға | Математика<br>негіздері<br>"Мен отбасымда<br>нешіншімін?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға реттік<br>сан есімдер туралы | Математика<br>негіздері<br>"Мен отбасымда<br>нешіншімін?"<br>пысықтау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға реттік | Сауат ашу негіздері<br>"Буынға бөлейік,<br>пысықтау"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға сөз бен<br>буын туралы<br>түсінік беру,                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>ерекшелігін ажыратуды үйрету. Сөздік қорын, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адамгершілік қасиеттерін дамыту, еңбекке баулу.</p> <p>Қазақ тілі "Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі". Мақсат-міндеттері. Тәрбиеленушілерді амандасу және қоштасу кезінде айтылатын сөз тіркестерімен таныстыру; үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуді, қарым-қатынас барысында әдептілік сөздерін қолдануды әдетке айналдыру; ойыншықтардың түрлері мен атауларын ажыратуды үйрету; [-ә], [-ө] дыбыстарымен таныстыру, сөздер</p> | <p>бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын үйрету.</p> <p>Математика негізі "Мен және менің достарым". Мақсат-міндеттері. Балаларды сандар жолағымен таныстыру, алты саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру; "бір" цифрымен таныстыру.</p> <p>Музыка "Білімнің - бұлағың" Мақсат-міндеттері. Балаларға күйді тыңдай отырып, сыр-сипатын ажырата білуді үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу". Мақсат-міндеттері.</p> | <p>ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыру.</p> <p>Қазақ тілі Дыбыстар мен әріптер. Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстар мен әріптер туралы түсінік беру, оларды бір-бірінен айыра білуді үйрету және дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріп сырын ұғындыру. Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру, қаламмен жазуды үйрету. Балаларды балабақшаның тыныс-тіршілігімен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға толық</p> | <p>сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыруды пысықтау.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу" пысықтау. Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыруды пысықтау.</p> <p>Музыка "Оқу - білім азығы" Балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру;</p> | <p>сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын пысықтау.</p> <p>Сурет салу "Гүл бағымызда өскен ақкекірелер". Мақсат-міндеттері. Балаларды серуен кезіндегі бақылаудан кейін және елестету нәтижесінде қылқалам мен гуашь (акварель) бояулары арқылы ақкекірелердің қарапайым сұлбаларын салуды үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Паровоз алдыға басып барады". Мақсат-міндеттері. Балаларды бір қатармен жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; биіктігі 40</p> |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>мен сөз тіркестеріндегі [-ә], [-ө] дыбыстарын дұрыс дыбыстауды үйрету;</p> <p>ұқыптылыққа, қамқорлыққа, достық қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру "Тақтайшаның үстімен адымдап жүру".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға тақтайшаның үстінен аяқтың ұшымен және өкшемен адымдап жүруді үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Күз келді балабақшама!"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың жанды және жансыз табиғат нысандары жөнінде негізгі ұғымдарын кеңейту; балабақша</p> | <p>"Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыру.</p> | <p>жауап беруді үйрету. Баланың зейінін арттыру, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру "Допты тез лақтырамыз".</p> <p>Міндеттері. Балаларды сапта бір қатарда тұру және жүру; шашырап жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруды үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет "Ш. Шаяхметов «Білімнің - бұлағың» (өлеңімен танысу)"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін</p> | <p>музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын және дыбысты есту қабілетін жетілдіруді пысықтау.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу "Балабақша қызметкерлерінің еңбегі".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшада қызмет ететін әр мамандық иелері жайлы түсініктерін бекіту, меңгерушінің қызметі туралы мәлімет беру; үйлесімді қарым-қатынас жасау, еске сақтау қабілеттерін дамыту.</p> | <p>см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеуді үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет "Ш. Шаяхметов «Білімнің - бұлағың» (өлеңімен танысу)"</p> <p>пысықтау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімнің - бұлағың» өлеңін оқу, балаларға үйрету, сөздердің мағыналарын пысықтау.</p> |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|--------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          | маңайында ауа райын бақылау кезінде күзгі құбылыстарды байқап, бір-бірінен ажырата білуді үйрету.                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | әңгімелеу. «Білім – бұлағың» өлеңін оқу, балаларға үйрету, сөздердің мағыналарын түсіндіру.                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>2- таңғы ас</b>       | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Серуен</b>            | Күнді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күнді, оның өсімдіктер мен ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру. Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдіктердің тіршілігі үшін | Ауа райын бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: көгөністерді жинауға арналған ұжымдық еңбек. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. | Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Көгөністерге салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; көгөністерге тән ерекшеліктер туралы ойларын бекіту, олардың өсуіне қажетті жағдайларды атау. Зерттеу. Сәбіз бен қызылшаның | Күнді бақылауды жалғастыру. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) | Аспанды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз болғанын байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>кұндылығын көрсету.<br/> Көркемсөз<br/> Алақай, алақай!<br/> Күн шықты, күн шықты,<br/> Жер үстіне нұр шықты!<br/> Еңбек: жәшіктерге құм толтыру.<br/> Мақсат-міндеттері.<br/> Балалардың бойында еңбекке құштарлықты ояту.<br/> "Қаракұс пен балапандар"<br/> қимыл-қозғалыс ойыны.<br/> Мақсат-міндеттері.<br/> Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшандыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br/> Ойыншылар "қаракұс" пен "тауықты" санамақ арқылы тандайды.<br/> Қалғандары</p> | <p>Бірлесіп жұмыс істеуді үйрету.<br/> Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)<br/> "Қияр, қияр".<br/> Мақсат-міндеттері.<br/> Белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, күшпен лақтыру дағдыларын жетілдіру.<br/> Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.<br/> Мақсат-міндеттері.<br/> Қызығушылықтар ына қарай ойын тандау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.</p> | <p>тұқымын анықтау (түсі, мөлшері).<br/> Топқа (табиғат бұрышына) отырғызу үшін қызылша мен сәбізді қазып алу.<br/> Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы егінді жинау. (еңбек іс-әрекеті)<br/> Мақсат-міндеттері.<br/> Көгөністерді қазуды үйрету; топпен жұмыс істеуге ұмтылыстарын тәрбиелеу.<br/> Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)<br/> "Көгөністерді ата".<br/> Мақсат-міндеттері.<br/> Көгөністердің атауларын бекітіп, допты қағып алу іскерліктерін жетілдіру.<br/> Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен</p> | <p>Мақсат-міндеттері.<br/> Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br/> Шарты: балалар "күн" сөзін айтқанда барлығы қыдыруға шығады.<br/> Ал «жаңбыр» сөзі айтылғанда ашылып тұрған қолшатырдың айналасына жиналады.<br/> "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру)<br/> Мақсат-міндеттері.<br/> Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру;</p> | <p>табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br/> Ашық аспанда бұлтты байқау оңайырақ, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте үлкейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып еритінін атап өтуге болады.<br/> Жұмбақ.<br/> Көзі жасты – жылауық,<br/> Келе жатыр бір алып.<br/> Жабырқаса, жылайды,<br/> Жадыраса, құлайды. (Бұлт.)<br/> Тақпақ.<br/> - Ақсың, сұрсың, қарасың,<br/> Қайда қалқып барасың?<br/> - Жерге нөсер төгемін,<br/> Өссін гүлдер, көп</p> |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |  |                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>"балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі бергенде "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған</p> |  | <p>ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту.</p> | <p>дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p> | <p>егін!<br/>- Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сын-сипаты бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). "Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>шаралары</b>                                                                                                         | <p>жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.</p> <p>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды.</p>                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Бесін ас</b>                                                                                                         | <p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b> | <p>Вариативті компонент - Ағылшын тілі "Numbers 6-10. How many? Letter Cc" Міндеттер: “six, seven, eight, nine, ten” лексикалық бірліктерін беру және Cc әрпімен таныстыру. "How many?" фразаларымен таныстыра отырып, сөйлеу қабілетін дамыту.</p> <p>"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың адамның не істейтіні, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту және жүйелеу. Ойын барысы. Педагог балалармен</p> | <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Табиғи қорық". Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға аяушылықпен қарауға, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне</p> | <p>Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?" Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілге қатысты құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын және жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет. (зерттеу іс-әрекеті,</p> | <p>Дамытушы ойын. "Сынық телефон". Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында, педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап</p> | <p><b>Вариативті компонент. Жас зерттеуші "Алтын күз" Міндеттер: табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; табиғат құбылыстарындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу.</b></p> <p><b>Сөздік жаттығу. "Жана сөзді құрастырайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, олардың қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, еске сақтау</b></p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады. Ал үйлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. Тәрбиеші балаларға: «Адам қандай заттарды жасаған?» сұрағын қояды. Ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (допты лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені жаратқан?» Ойын барысында тәрбиеші балаларға жақсы өмір</p> | <p>қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде табиғи қорық туралы суреттерді қарап, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды. Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не істейтіні (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып</p> | <p>қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Көлік жөндеу шеберханасында</p> | <p>айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып жариялайды. Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп сөзді бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-</p> | <p>қабілеттерін дамыту; ой шапшандығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка. Шарты. Педагог ұсынған мнемокаточкаларға қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып атау керек.<br/>- Жаңбыр - жаңбырлы.<br/>- Шатыр - қолшатыр.<br/>- Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс.<br/>- Ай - Айжан, Айбол, Айнұр.<br/>- Аяқ - аяқкиім, аяқтау.<br/>- Шаш - шашбау.<br/>- Көз - көзілдірік, Аякөз.<br/>- Қап - қолғап; қаптау.</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>сүру адамзаттың табиғатты пайдаланатыны, орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді.</p> <p>"Жер, су, ауа" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген тапсырманың жауабын жылдам табуды үйрету. Қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Тапқыр, шапшаң болуды үйрету.</p> | <p>алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, оларды сақтап, тіршілік иелеріне көмек бере отырып, қорғана білу де керек. (зерттеу іс-</p> | <p>қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук. Шарты. Педагог балалармен бірге көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім</p> | <p>әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообак". Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі зообак, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екенін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Зообак</p> | <p>- Сары - сарғыш, Саржал, тоқсары. - Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Мектеп". Мақсат-міндеттері. Адамның білім алуына мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; педагогтің қызметі туралы жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу</p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |  |                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|--|--|---------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | <p>әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> | <p>және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</p> | <p>қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог ойыннан бұрын балаларға зообақ жайында суреттерді қарастырады, әлемдегі қорғауға алынған жануарлар жөнінде бейнебаянды көрсетеді.</p> <p>Балалар ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде, олардың қандай құралдарды қолданатынын туралы талқылап алу керек.</p> <p>Балалар зообақта</p> | <p><b>құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.</b></p> <p><b>Құралдар.</b></p> <p><b>Үстел мен орындықтар; оқу құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер.</b></p> <p><b>Шарты.</b></p> <p><b>Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке экскурсияға ертіп апаруға болады.</b></p> <p><b>Педагог балалармен бірге мектеп туралы суреттерді, кинофильмдерден (мысалы, "Менің атым Қожа") үзінділерді алдын ала қарап, педагог пен оқушылар жайында</b></p> |
|--|--|---------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                       |                                       |                                      |                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-----------------------|---------------------------------------|--------------------------------------|-------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                       |                                       |                                      |                                     | <p>жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып белгілі орындарға қондырып, қимылдатады, қозғалысқа келтіреді. Мамандар құстар мен аңдардың орындарын аралап, көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> | <p>әңгімелеседі, мектептегі тәртіптің балабақшадағы тәртіпке ұқсамайтыны туралы айтады. Алғашында, педагогтің рөлін өзі ойнауы мүмкін, содан кейін рөлді қалаған балаларға тапсыра алады. Ойынның соңында мектепте үздік оқу үшін ізденімпаздық, төзімділік, ынта, тәртіпке бағыну сияқты қасиеттердің қажеттілігі жайында айтып, қорытынды жасауға болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</p> |
| Балалармен жеке жұмыс | Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап» | М. Монтессори технологиясымен жұмыс. | Дидактикалық ойындар. "Геометриялық | "Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойын.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | "Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |

